



СЕУЛ САПАРЫ: СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЕТБҰРЫС ПЕН САЯСИ САЛМАҚ

ОСЫ АПТАДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН БАРДЫ. БҰЛ САПАРДЫ КЕЗЕКТІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУДІҢ БІРІ ДЕП БАҒАЛАУ, ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН КЕЛІСІМДЕРДІҢ САНЫМЕН НЕМЕСЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰНЫМЕН ӨЛШЕУ ЖЕТКІЛІКСІЗ. СЕУЛДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДІҢ МАЗМҰНЫНА ҚАРАП ҚАЗАҚСТАН МЕН КОРЕЯ БҰРЫННАН ҚАЛЫПТАСҚАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫ ЕНДІ ТЕХНОЛОГИЯ, ӨНДІРІС, ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҰШТАСТЫРУҒА НИЕТТІ ДЕП СЕНІММЕН АЙТУҒА БОЛАДЫ.

15 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Корея Президенті Ли Чжэ Мён екі елдің қарым-қатынасын «болашаққа бағдарланған жан-жақты стратегиялық серіктестік» деңгейіне көтеруге келісті. Бұған дейінгі стратегиялық серіктестік 2009 жылы орнаған еді. Корея Президенті кеңсесінің ресми мәліметіне сүйенсек, ендігі ынтымақтастық аясы сауда мен инвестициямен шектелмей, экономикалық қауіпсіздік, озық өндіріс, ғылым мен технологияны және адамдар арасындағы байланыс сияқты бағыттарға дейін кеңеймек.

ҚАЗАҚСТАН ЕНДІ ТЕК ШИКІЗАТ КӨЗІ ЕМЕС

Президенттің Сеулдегі қазақ-корей іскерлік дөңгелек үстелінде келтірген мәліметіне сәйкес, 2025 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 3 миллиард доллардан асты. Корея Қазақстан экономикасына осы уақытқа дейін 12 миллиард доллардан астам инвестиция салған. Елімізде Samsung, Kia, Hyundai, Lotte, Doosan Enerbility, Shinhan Bank секілді компанияларды қоса алғанда, корей капиталы қатысатын мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Яғни, екі мемлекет

арасында бизнестің өзіне таныс ортасы әлдеқашан қалыптасып қойған деп сеніммен айта алмыз.

Корея да Қазақстанды Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі ғана емес, энергия мен маңызды минералдарға бай мемлекет ретінде қарастырады. Корея Президентінің кеңсесі Қазақстанмен ынтымақтастықты экономикалық қауіпсіздікпен тікелей байланыстырып отыр. Президент Ли Чжэ Мён Қазақстанды энергия мен табиғи ресурстарға ғана бай мемлекет емес, жоғары технологиялық салаларда әлуеті зор және Кореяның экономикалық қауіпсіздігі үшін маңызды серіктес деп атады. Сеул Қазақстанның индустриялық жаңғыруына өзінің өндірістік және цифрлық технологиялары арқылы қатысуға дайын екенін де мәлімдеді.

Бұл риториканың астарында бүгінгі әлемдік экономиканың нақты өзгерістері жатыр. Жеткізу тізбегінің тұрақтылығы, энергия көздерін әртараптандыру, стратегиялық металдарға қолжетімділік қазір классикалық сыртқы сауда мәселесінен экономикалық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Корея сияқты технологиялық экономикаға тұрақты шикізат базасы маңызды

болса, Қазақстанға шикізатты жай экспорттаудан гөрі оны өңдейтін технология мен өндіріс қажет. Сеул келіссөздерінің негізгі мәні осы екі сұранысты түйістіруде жатқаны ресми құжаттардан анық байқалады.

Келіссөздерде аса маңызды минералдардың жеткізу тізбегін тұрақтандыру мәселесі де жеке қаралды. Қасым-Жомарт Тоқаев 16 қыркүйекте өткен алғашқы «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитінде бұл бағытты өңірлік деңгейге шығаруды ұсынды. Мемлекет басшысының айтуынша, алдағы жұмыста өндірісті жеріріктендіруге, технология беруге, өңірлік кооперацияға және дайын өнімді өзге нарықтарға шығаруға мән берілуі керек. Ол осы мақсатта «Орталық Азия – Корея» өнеркәсіп және технологиялық даму серіктестігін құру туралы бастама көтерді. «Ресурс – технология – өнеркәсіп» моделінің мәні – қазақстандық кен орындары мен корейлік технологияны байланыстырып, тек шикізат өндірумен шектелмейтін толық өндірістік тізбек қалыптастыру. Алматыда Сирек және сирек кездесетін металдарды зерттеу орталығын құру жөнінде уағдаластық жасалды. Ақорданың мәліметінше, Корея стратегиялық санатқа енгізген он минералдың бәрі Қазақстанда кездеседі. Қазақстан тарапы геологиялық зерттеуден және өндіруден бастап терең өңдеуге, одан әрі жартылай өткізгіштерге, аккумуляторларға, электромобильдер мен робот техникасына қажетті компоненттер шығаруға дейінгі циклді дамытуды ұсынды.

Жалғасы 2-бетте

ДИПЛОМ ДЕГРЕДАЦИЯСЫ КӘСІБИ МАМАН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

БҰРЫН ДИПЛОМ ЖОҒАРЫ ТАБЫС ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ САНАЛСА, БҮГІНДЕ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ САЛМАҒЫНАН АЙЫРЫЛА БАСТАДЫ. ЖАҒАНДЫҚ ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ЖЕДЕЛ ДАМУЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МОНОПОЛИЯНЫ БҰЗЫП, ЕҢБЕК НАРЫҒЫН БІРШАМА ӨЗГЕРТТІ.

Қазіргі университеттер мен кәсіби білім беру жүйесі еңбек нарығының жылдам ырығағына ілесе алмай, біршама қиындыққа тап болып отыр. Академиялық орта консервативті әрі салмақты болғандықтан, өзгерістерге өте баяу бейімделеді. Жаңа оқу бағдарламасын әзірлеп, оны ресми аккредиттеуден өткізу және оқытушылардың біліктілігін арттыру кемінде 2-4 жылды алады. Ал технология мен нарық сұранысы әр 6 ай немесе жыл сайын жаңарып жатқан заманда созбаланқылыққа салыну оқу орны беретін білім мен шынайы өмірдің талабы арасында үлкен алшақтық тудырып отыр.

Бұл сәйкессіздік ең алдымен теориялық білім мен қолданбалы дағдылардың аражігінен аңғарылады. ЖОО-лар теориялық негіздерге басымдық берсе, жұмыс берушілерге бірінші күннен бастап өндірістік процеске кірісе алатын, заманауи бағдарламалық қамтамасыз етумен және дербес құралдармен



жұмыс істей білетін мамандар қажет. Оның үстіне академиялық профессорлық-оқытушылық құрамның басым бөлігі нақты өндірісте немесе бизнес-ортада жұмыс істемегендіктен, білім беру мазмұны нарықтық қатынастан алшақтап қалған. Сонымен қатар университеттер тар шеңберлі мамандық бойынша терең білім беруге тырысқанымен, қазір ең жоғары бағаланатын бейімделгіштік, кросс-командалық коммуникация және сын тұрғысынан ойлау сияқты дағдыларды оқытудың жүйелі әдістемесін қалыптастыра алмай отыр.

Академиялық білімнің қажетсіз болып қалуының тағы бір себебі технологиялық серпілісте. Төртінші өнеркәсіптік революция

мен жасанды интеллект жоғары білімнен әлдеқайда асып түсті. Студент университет қабырғасында төрт жыл бойы меңгерген техникалық білімнің жартысына жуығы дипломын қолға алам дегенше өзектілігін жоғалтып үлгереді. Оған қоса, сертификаттау бағдарламалары, микро-креденциалдар мен Coursera, edX сияқты платформалар білімге қойылған бұрынғы монополияның тас-талқанын шығарды. Google, IBM, Microsoft сынды IT-гиганттардың сертификаттары дәстүрлі дипломға қарағанда кәсіби дағдыны әлдеқайда жылдам әрі дәл айқындап берді десек, қателеспейміз.

Жалғасы 4-бетте

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ӨТКЕНІН ЕМЕС, БОЛАШАҒЫН «ҚАЙТАРУ» КЕРЕК

БҮГІНДЕ АРАЛ ТЕҢІЗІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ІС ЖҮЗІНДЕ ЕКІ БАҒЫТЫ ҚАЛЫПТАСЫП ОТЫР БІРІНШІ – СУДЫ ҚАЙТАРЫП, БҰРЫНҒЫ СУ ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ ЕҢ БОЛМАҒАНДА БІР БӨЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ. ЕКІНШІ – ТЕҢІЗДІҢ ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫН КӨҒАЛДАНДЫРЫП, ӨҢІРДІ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҢА ТАБИҒИ ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕУ ЕКІ БАҒЫТТЫҢ ДА ӨЗІНДІК НЕГІЗІ БАР. АЛАЙДА ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ТҮБЕГЕЙЛІ МӘСЕЛЕ ЖАТЫР: БҰРЫНҒЫ ТЕҢІЗ ТАБАНЫН ҚАЙТАДАН СУ БАСҚАН АУМАҚҚА АЙНАЛДЫРУ КЕРЕК ПЕ, ӘЛДЕ ОНЫ БІРЖОЛА ОРНЫҚТЫ ҚҰРЛЫҚ ЛАНДШАФТЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ ПЕ? БҰЛ СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫ АРАЛ ӨҢІРІНІҢ АЛДАҒЫ ОНДАҒАН ЖЫЛДАҒЫ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙДЫ. МАҚАЛАДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАҒДАРЫС АЙМАҒЫН ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР МЕН ҒЫЛЫМИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ТҰРҒЫДАҒЫ ТӘСІЛДЕР ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ.



БІРНЕШЕ СУ АЙДЫНЫНА АЙНАЛҒАН ТЕҢІЗ

Қазіргі Аралды біртұтас су айдыны ретінде қарастыру мүмкін емес. Кезінде әлемдегі ең ірі ішкі теңіздердің бірі болған аумақта қазір бір-бірінен оқшауланған бірнеше су жүйесі мен құрғап қалған ұлан-ғайыр жер жатыр. Осыдан ондаған жыл бұрын балықшы кемелері жүрген теңіз табанында жаңа шөл – Аралқұм қалыптасты. Алайда Аралдың бүгінгі тарихы тек теңіздің тартылу тарихы емес. Кейінгі жиырма жылда мұнда экологиялық үдерістерді ішінара болса да, кері қайтаруға болатынын көрсететін тәжірибе жинақталды.

Оның ең айқын мысалы – Қазақстандағы Солтүстік немесе Кіші Арал (Қазақарал). 2005 жылы Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Аралды сақтау жобасы аясында Көкарал бөгеті салынды. Ол теңіздің солтүстік бөлігін оңтүстіктегі Үлкен Аралдан бөліп тастады. Соның арқасында Сырдариядан келген су бұрынғыдай кедерісіз оңтүстікке ағып кетпей, Қазақаралда жинала бастады. Нәтижесі айтар-

лықтай болды. Қазақстанның Су ресурстары және ирригация министрлігінің деректері бойынша, 2025 жылы Қазақаралдағы су көлемі 27 км³-ден асты, ал су айдынының аумағы 3 400 км²-ге жетті. Кіші Аралдағы су деңгейі Балтық жүйесі бойынша 42 метрден (МБЖ) жоғарылады, ал мысалы оңтүстіктегі Батыс Аралда бұл көрсеткіш шамамен 20 метр көлемінен аспайды. Көкарал жобасы жүзеге асырылғаннан кейін судың тұздылығы төрт есеге жуық төмендеп, 8-15 промилле (г/л) аралығына түсті. Теңізде 20-дан астам балық түрінің жиынтықтығы қалпына келді. Осы тұрғыдан алғанда, Көкарал бөгеті жай ғана гидротехникалық құрылыс емес. Ол су тұрақты келіп тұрған жағдайда Аралдың бір бөлігін қалпына келтіруге болатынын іс жүзінде дәлелдеді.

Осы тәжірибе енді келесі сұрақты қоюға мүмкіндік береді: **егер Қазақаралды ішінара қалпына келтіру мүмкін болса, бұрынғы теңіз табанының басқа бөліктерін қалпына келтіріп, айдынын толтыруға бола ма?**

Жалғасы 6-бетте

ТҰМАР ПАТШАЙЫМНЫҢ ШАШ ҮЛГІСІМЕН ӘЛЕМДІ ТАҢҒАЛДЫРҒАН АТЫРАУЛЫҚ ШЕБЕР

ЖҰЫРДА АТЫРАУЛЫҚ СӨНГЕР КСЕНИЯ ВОЛОДИНАНЫҢ ӘЛЕМДЕГІ ҮЗДІК 5 ШАШ ШЕБЕРІНІҢ ҚАТАРЫНА ЕНГЕНІ ТУРАЛЫ ОТАҢДЫҚ БАҚ ЖАРЫСА ЖАЗДЫ. ӨСІРЕСЕ, ПАБЛИКТЕРДЕ ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫНАН ШЫҚҚАН, ТҰМАР ПАТШАЙЫМНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ ЖАСАЛҒАН ШАШ ҮЛГІСІНІҢ СҮРЕТІ КӨП ТАРАДЫ. ШАШ ҮЛГІСІ ӨТЕ МАЙДА ӨРІ КҮРДЕЛІ ӨРЛЕНДІКТЕН, ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ҚОЛДАНУШЫЛАРЫ АЛҒАШЫНДА БҰЛ ФОТОНЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН СҮРЕТ ДЕП ОЙЛАСА КЕРЕК. ОСЫ ШАШ ҮЛГІСІ АРҚЫЛЫ КӨПТЕГЕН ӘЛЕМДІК ЧЕМПИОНАТТА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН КСЕНИЯ ЖҰЫРДА ӘЛЕМГЕ ӨЙГІЛІ ONE SHOT HAIR AWARDS КОНКУРСЫНДА ТОП-5 HAIR-СТИЛИСТІНІҢ ТІЗІМІНЕ ЕНДІ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ӨЗІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСІН ЖАЛҒАСТЫРЫП, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІН ЗАМАНАУИ ШАШ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ӘЛЕМДІК САХНАДА ТАНЫТУДЫ КӨЗДЕЙТІН КСЕНИЯҒА ХАБАРЛАСЫП, ӨНГІМГЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

Жалғасы 8-бетте





СЕУЛ САПАРЫ:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БЕТБҰРЫС ПЕН САЯСИ САЛМАҚ

Басы 1-бетте

Ділда УӘЛИБЕК

ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӨЗЕК

Энергетика – екіжақты қатынастың тағы бір маңызды бағыты. Корея үкіметінің хабарлауынша, биыл сәуірде Қазақстаннан 18 миллион барель мұнай сатып алу жөнінде басталған жұмыстың жалғасы ретінде Сеулдегі саммит кезінде мұнай саласындағы ынтымақтастықтың базалық келісімі жасалған. Екі ел энергия ресурстарын бірлесіп игеру мүмкіндігін де талқыламақ. Бұл Кореяға жеткізу көздерін әртарап-тандыруға мүмкіндік берсе, Қазақстан Азия нарығындағы энергетикалық қатынасты кеңейтуге мүмкіндік алмақ. Президент Тоқаев Сеулдегі өңірлік саммитте Кореяға энергия ресурстарын жеткізуді қайта жандандыруға дайын екенін айтып, геологиялық барлау мен жаңа кен орындарын игеру ісінде де ынтымақтастықты кеңейтуге болағынын мәлімдеді. Қазір Hyundai Engineering Қарашығанақ газ өңдеу зауыты жобасына қатысып отыр.

Атом саласы да күн тәртібіне жеке бағыт ретінде енді. Тараптар атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану жөніндегі меморандумға сүйене отырып, ядролық энергетиканың толық циклі бойынша ынтымақтастықты кеңейтуге келісті. Қазақстан жағы шағын модульді реакторларға қызығушылық танытып, KHPN және Doosan Enerbility компанияларымен технологиялық ықпалдастықты тереңдетуге дайын екенін мәлімдеді.

Сеулдегі уағдаластықтар атом энергетикасындағы ынтымақтастық алаңын кеңейтеді, алайда оларды автоматты түрде қандай да бір нақты атом стансасын салу жөніндегі түпкілікті шешім деу жаңсақтық болмақ. Ресми құжаттарда әзірге ынтымақтастық, технология, зерттеу және салалық байланыс туралы ғана айтылады.



АВТОМОБИЛЬ ӨНДІРІСІ – ӨЗГЕРІСТІҢ ЕҢ АНЫҚ МЫСАЛЫ

Қазақстанда Hyundai мен Kia көліктері шығарылады. Өндіріс жолға қойылған. Ақорданың мәліметіне сүйенсек, қазір екі елдің ортақ портфельінде автомобиль жасау, машина жасау, металлургия және өзге салалардағы жалпы құны 4 миллиард доллардан асатын 51 жоба бар. 2025 жылы Қазақстанда шамамен 170 мың автомобиль шығарылыпты, оның елеулі бөлігі – Hyundai мен Kia маркалары. Мемлекет басшысы Орталық Азия – Корея саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақстандағы Корей автокөлік кәсіпорындарының айналасында толыққанды өндірістік кластер қалыптастыру мүмкіндігіне тоқталды. Оның пікірінше, осы тәжірибені өзге салаларға да таратуға болады.

Сапар кезінде бұл бастама жаңа келісімдермен негізделді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі сапар аясында жалпы сомасы 401,9 миллион доллар болатын 15 құжатқа қол қойылғанын хабарлады. Соның бірі – «Астана Моторс»

пен Hyundai Motor Company арасындағы жаңа Hyundai Tucson моделін өндіру жөніндегі 67 миллион долларлық келісім. Кореялық компания жаңартылған модельді шағын торапты әдіспен шығаратын технологиясын Қазақстанға бермек. Бұдан бөлек, автомобиль дискілерін өндіру туралы 50 миллион долларлық меморандум бекітілді.

КАПИТАЛДАН – ТЕХНОЛОГИЯҒА

Сапар кезінде ең көп назар аудартқан жаңалықтың бірі – шамамен 19 миллиард долларлық коммерциялық келісімдер. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты кездесуде, Орталық Азия – Корея саммитінде де айтты. Ресми мәліметке сүйенсек, бұл сапар аясында жасалған коммерциялық келісімдердің жалпы құны. Яғни, түрлі кезеңдегі жобалар мен міндеттемелердің ықтимал ауқымын білдіретін портфель. Олардың шынайы экономикалық салмағы жобалардың қаржыландырылуына, құрылыстың басталуына, өндірістің іске қосылуына және нақты капитал салымына қарай анықталады.

Қаржыландыру арналары да қатар пысықталып жатыр. «Бәйтерек» холдингі мен Shinhan Financial Group Қазақстандағы инвестициялық жобалар мен бизнесті қаржыландыру үшін 500 миллион долларға дейін қаражат тарту туралы меморандумға қол қойды. Сонымен бірге холдинг Кореяның Экспорт-импорт банкімен және шағын және орта бизнес пен стартаптарды қолдайтын KOSI институтымен келіссөз жүргізді.

АЛАТАУ CITY – БАЙЛАНЫСТЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Сапар кезінде Alatau City жобасының бірнеше рет айтылуы да тегін емес. Қазақстан жаңа қаланы корейлік капитал, инженерлік тәжірибе, цифрлық технология және білім жүйесін бір алаңда біріктіруге болатын жоба ретінде таныстырды. Ақорданың дерегіне сәйкес, Кореяның KIND корпорациясы қаланың бас жоспары мен тұрғын аудандарын жобалауға қатысып жатыр. Президент екіжақты келіссөз кезінде Alatau City-ге ерекше мән беріп, шетелдік инвесторларға қажетті құқықтық кепілдіктер жасалғанын атап өтті. Сондай-ақ Алатауда Кореяның озық ғылым және технология институты KAIST құрылымын ашуға қатысты келісім жасалып жатқаны мәлім болды.

Корея Президенті кеңсесінің ресми қорытындысында Alatau City-ді дамыту, деректер мен цифрлық технология, болашақ авиациялық мобильдік және ғылыми-білім беру жобалары ынтымақтастықтың жаңа бағыттарының қатарына енгізілген.

ЖИ КҮН ТӘРТІБІНЕ ШЫҚТЫ

Қазақстан мен Корея арасындағы байланыс туралы сөз бола қалса, ең ал-

• ПІКІР

Андрей ЧЕБОТАРЕВ,
саясаттанушы:



ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

– Сеулде өткен алғашқы «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммиті өңір мен Оңтүстік Корея арасындағы қатынасты жаңа деңгейге шығарды. «C5+K» форматының негізі қаланғанына 19 жылдан астам уақыт өтсе де, алты мемлекеттің басшылары алғаш рет бір үстел басында кездесті. Осы тұрғыдан алғанда, Сеулдегі жиын бұған дейін негізінен министрліктер мен сарапшылық алаңдар шеңберінде дамып келген байланысты жоғары саяси деңгейге көтерген оқиға болды. Саммиттің басты нәтижелерінің бірі – 28 тармақтан тұратын Сеул декларациясының қабылдануы. Құжатта мемлекет басшылары кездесулерді тұрақты түрде, екі жылда бір өткізуге келісті. Саммит әр жолы қатысушы елдердің бірінде өтіп, оны қабылдаған мемлекет «C5+K» форматына төрағалық етпек. Келесі саммитті 2028 жылы Астанада өткізу жөніндегі Қазақстан бастамасы да қолдау тапты.

Бұл шешімнің маңызы тек кездесулердің мерзімді өткізілуінде емес. «C5+K» енді бір реттік саяси диалог емес, тұрақты жұмыс істейтін көпжақты алаңға айналуға бет алып отыр. Әртүрлі деңгейдегі консультацияларды жүйелеу де осы мақсатқа бағытталған.

Сеул декларациясында ынтымақтастықтың ауқымы да едәуір кеңейтілді. Қауіпсіздік, сауда мен инвестиция, көлік, инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, энергетика, критикалық минералдар, цифрлық трансформация, ғылым мен технология негізгі бағыттардың қатарына енгізілді. Бұдан бөлек, өңдеу өнеркәсібіндегі нормативтік-құқықтық талаптарды өзара жақындастыру мәселесіне де назар аударылды.

Нақты қадамдардың бірі – Орталық Азия елдерінің бейінді мемлекеттік органдарында Korean Desk арнайы бөлімшелерін ашу туралы уағдаластық. Бұл құрылымдар корейлік компанияларға жергілікті нарықта жұмыс істеуге көмектесіп, әкімшілік және институционалдық мәселелерді жедел шешуге тиіс. Мұндай тетіктің пайда болуы Орталық Азия елдерінің корейлік бизнесті өңірге тартуға мүдделі екенін көрсетеді. Саммитте Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары да өз ұсыныстарын ортаға салды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Корея Республикасы» өнеркәсіптік және технологиялық даму серіктестігін құруды ұсынды. Бастаманың мәні – байланысты тек саудаман шектемей, бірлескен өндіріс, технология және өнеркәсіптік кооперацияға көбірек көңіл бөлу. Қазақстан тарапы көлік мәселесін де жеке көтерді. Орта дәліз бен TRIPR бағытын ұштастыру арқылы Оңтүстік Кореядан Орталық Азия арқылы Еуропаға дейінгі тұтас көлік-логистикалық тізбек қалыптастыру ұсынылды. Сонымен қатар жастар арасындағы байланыс пен білім және мәдени алмасуды кеңейтуге арналған Central Asia – Korea Future Generation бағдарламасын іске қосу бастамасы айтылды.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров «C5+K» аясындағы Сыртқы істер министрлері кездесулерінің рөлін күшейтіп, оларға қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау міндетін жүктеуді ұсынды. Бұдан бөлек, инвестициялар жөніндегі мемлекеттік мекемелер кеңесін құру және таулы өңірлердің климаттық орнықтылығы бойынша жеке серіктестік қалыптастыру идеясын көтерді.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев ұзақмерзімді «Орталық Азия – Корея Республикасы: озық даму серіктестігі» тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Оның бастамаларының қатарында критикалық минералдар бойынша өңірлік инвестициялық альянс, климат пен көміртек саласындағы серіктестік және адами капиталды «тапсырыс – даярлау – жұмысқа орналастыру» қағидаты бойынша дамыту да бар.

Алайда бұл форматтың шынайы салмағы алдағы жылдары анықталады. Негізгі өлшем – қабылданған декларацияның немесе жарияланған бастамалардың саны емес, олардың нақты жобаларға, инвестицияға, өндіріс пен технологиялық кооперацияға қаншалықты айналатыны. Осы тұрғыдан 2028 жылы Астанада өтуі жоспарланған келесі саммит алғашқы екі жылдың нақты нәтижесін бағалайтын маңызды кезек болмақ.

дымен автомобиль, құрылыс немесе мұнай-газ саласы еске түсетін. Бұл жолғы сапарда жасанды интеллект, деректер, ғылым және технология да келіссөздердің негізгі тақырыптарының қатарына шықты.

Қазақстан Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлескен Жасанды интеллект институтын, Павлодар облысында қуаты бір гигаваттқа дейін жетуі мүмкін деректерді өңдеу орталықтары эксклюзивін және корейлік Samsung Electronics пен SK Hynix сияқты компаниялармен микрэлектроника мен жартылай өткізгіштер саласында байланыс орнауы мүмкін екенін айтты. Өңірлік саммит барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Кореямен бірлесіп Орталық Азияға арналған AI Talent мамандар даярлау бағдарламасын бастауды ұсынды.

Корея тарапы екі ел арасында ЖИ мен ғылым саласындағы байланысты кеңейту туралы уағдаластық жасалғанын хабарлады. Сонымен қатар жаңа ғылыми-білім жобаларын жүзеге асыру мәселесі талқыланғаны айтылған.

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТАН – ӨНІРЛІК САЯСАТҚА

16 қыркүйекте Сеулде мемлекет басшылары деңгейіндегі алғашқы «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммиті өтті. Осыған дейін 2007 жылдан бері жұмыс істеп келген Корея – Орталық Азия ынтымақтастық форумы негізінен министрлік деңгейінде дамыған еді. Быыл бұл механизм алғаш рет мемлекет басшылары деңгейіне көтерілді. Корея басшылығы саммит қарсаңында Орталық Азиямен байланысты жоғары саяси деңгейге көтеріп, өңірдің даму қажеттіліктерін Кореяның жеткізу тізбегі мен нарығын әртарап-тандыру мүддесімен ұштастыруды көздейтінін ашық мәлімдеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитінде Кореядан Орталық Азия арқылы Еуропаға шығатын тұтас көлік-логистикалық тізбек қалыптастыруды ұсынды. Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағытының өткізу қабілетін тазу жылдары 20 миллион тоннаға жеткізуді, ал ел аумағындағы

жалпы транзит көлемін 100 миллион тоннаға дейін ұлғайтуды көздеп отыр. Ақорда дерегіне сәйкес, кейінгі 6 жылда Орта дәліз арқылы өткен жүк тасымалы 5 есе өскен. Президент Пусан порты мен Қазақстанның Каспийдегі порттары арасында тәжірибе және ақпарат алмасуды да ұсынды.

Саммит қорытындысы бойынша «Сеул декларациясы» қабылданып, ынтымақтастықты институционалдан-дыру, бейбітшілік пен тұрақтылық, инновация мен өркендеу және адамдар арасындағы байланыс секілді бағыттар айқындалды. Кореяның ресми мәліметіне сәйкес, тараптар саммитті тұрақты форматқа көшіруге, өнеркәсіп пен жеткізу тізбегі бойынша министрлік тетіктерін дамытуға, жасанды интеллект, ғылым, климат, энергия және аса маңызды минералдар саласындағы әріптестікті кеңейтуге келісті. Келесі саммитті екі жылдан кейін Қазақстанда өткізу жоспарда бар.

5 қыркүйектегі бизнес кездесуде Қазақстан–Корея бірлескен логистикалық кәсіпорнын құру бастамасы да айтылды. CJ Logistics пен LX Pantos секілді корейлік компаниялардың Қазақстандағы жобалары айтылды.

ТАРИХИ БАЙЛАНЫС ТЫС ҚАЛҒАН ЖОҚ

Экономикадан бөлек, мәдени-гуманитарлық байланыстың да тамыры тереңде жатыр. Қазақстанда 120 мыңнан астам корей ұлтының өкілі тұрады.

Корея тарапы ресми келіссөздерде 2021 жылы генерал Хон Бом Донның сүйегін тарихи отанына қайтаруға Қазақстанның көрсеткен көмегін екі ел арасындағы ерекше сенімнің белгісі деп бағалайтынын бірнеше рет атап өтті. Президент Ли Чжэ Мён Қазақстан халқының кезінде жер аударылған корейлерді қабылдағанын да еске салды.

Бұл тақырып екі ел басшыларының кездесуінде де қозғалды. 2027 жылы корейлердің Орталық Азияға жер аударылғанына 90 жыл толады. Қасым-Жомарт Тоқаев осы датаға байланысты арнайы іс-шара өткізуді және жастар, білім мен мәдениет байланысын кеңейтетін жаңа бағдарлама әзірлеуді ұсынды.

• ПІКІР

Айдар ҚҰРМАШЕВ,
ҚСЗИ Азиялық
зерттеулер бөлімінің
басшысы:



БОЛАШАҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ӘРІПТЕСТІК

– Алғашқы «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өнеркәсіптік және технологиялық даму бойынша әріптестік құруды ұсынды. Оның мақсаты – технология трансферті мен сыртқы нарықтарға шығуға бағытталған бірлескен өндірістік жобаларды қалыптастыру. Президенттің айтуынша, сапар аясында жалпы құны шамамен 19 млрд долларды құрайтын коммерциялық келісімдерге қол қойылды. Бұл – іске асырылуы алдағы уақытта бағалануға тиіс уағдаластықтардың жалпы көлемі.

Мен үшін бұл ұсыныстың ең мазмұнды бөлігі – корейлік инвестицияларды отандық кәсіпорындардың дамуымен байланыстыру мүмкіндігі. Дәл осы тақырыпты біз кеше Сеулде өткен сараптамалық семинарда талқыладық. Президент жылына 70 мың автомобиль шығаруға есептелген KIA Қазақстан жобасын мысалға келтіріп, осындай ынтымақтастық моделін басқа салаларда да қолдануды ұсынды. Мұндағы экономикалық әсер зауыттың өзімен ғана шектелмей, мүмкін: тұрақты тапсырыстар жеткізушілерге құрал-жабдыққа инвестиция салуға, сапа талаптарын игеруге және мамандар даярлауға мүмкіндік береді. Келесі қадам – бұл кәсіпорындардың басқа тапсырыс берушілермен де жұмыс істей алу қабілетін қалыптастыру.

Аса маңызды шикізат саласында Президент бірлескен қазақ-корей компаниясын құруды ұсынды. Сондай-ақ Алматыда сирек және сирек жер металдарын зерттеу орталығын құру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді. Әзірге бұл – ұсыныс пен орталық құру туралы уағдаластық қана, алайда олар шикізатпен жұмыс істеуге анағұрлым нақты бағыт қалыптастырады.

ҚҰНДЫЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА МЕН БОЛАШАҚ: ІШКІ САЯСАТТАҒЫ ҮШ БАСЫМДЫҚ

ЕЛІМІЗДІҢ ІШКІ САЯСАТЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НЫҒАЙТУҒА, ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ҚОҒАМ ҚҰРУҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ. БҮЛ ТУРАЛЫ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ЕРЛАН ҚАРИН МӘЛІМДЕДІ. ОЛ ІШКІ САЯСАТТАҒЫ ҮШ НЕГІЗГІ БАҒЫТТЫ АТАП, ОЛАРДЫҢ АЛДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫНА ТОҚТАЛДЫ.

Бірінші басымдық – қоғамда конституциялық құндылықтарды орнықтыру. Ерлан Қариннің айтуынша, бұл бағыт Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың стратегиялық негізімен сабақтас. Оның аясында заң мен тәртіптің үстемдігі, жалпыұлттық бірлік, этносаралық және конфессияаралық келісім, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация, еңбекқорлық, қоршаған ортаға жауапкершілік және жасампаз патриотизм секілді құндылықтарға басымдық беріледі.

Бұл құндылықтарды құжат жүзінде бекітумен шектелмей, қоғамға түсіндіру де маңызды. Осыған байланысты салалық мемлекеттік органдарға Конституцияның негізгі ережелерін кеңінен түсіндіру, олардың мәнін азаматтарға жеткізу, сараптамалық, ақпараттық және мәдени-ағартушылық жұмысты жүйелі жүргізу міндеті қойылып отыр.

Яғни, конституциялық қағидалар күнделікті қоғамдық қатынастарда көрініс табуға тиіс. Заңға құрмет,



қоғамдық жауапкершілік, азаматтардың бір-біріне және мемлекетке деген сенімі осы жұмыстың нақты өлшеміне айналмақ.

Екінші бағыт – жаңа қоғамдық этика қалыптастыру. Бұл ұғым қоғамдағы мінез-құлық мәдениетін, азаматтардың жауапкершілігін және ортақ құндылықтарға деген көзқарасты қамтиды. Ерлан Қарин бұл бағытта прогрессивті қоғамдық нормаларды орнықтыру, елдің құндылықтар жүйесін нығайту және қоғамның дамуына кері әсер ететін құбылыстарға қарсы тұру қажеттігін атап өтті. Осы ретте «Заң және Тәртіп» қағидатын іс

жүзінде жүзеге асыру, «Таза Қазақстан» бастамасын дамыту және «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын тиімді жүргізу маңызды міндеттердің бірі ретінде аталды.

Бұл жұмыстарды бұрынғы тәсілмен жалғастыру жеткіліксіз. Сондықтан жаңа құралдар мен тетіктерді енгізу ұсынылып отыр. Соның ішінде тазалық мәселелеріне арналған бірінші цифрлық платформа құру, ұлттық тазалық стандартын әзірлеу және өңірлердің тазалық рейтингін енгізу бастамалары бар.

Мұндағы мақсатты тек елді мекендердің тазалығымен шектеуге болмайды. Қоғамдық кеңістікке жауап

кершілікпен қарау, ортақ мүлікті қорғау, тәртіп сақтау – азаматтық мәдениеттің де көрінісі. Сондықтан жаңа қоғамдық этика мәселесі адамның күнделікті әрекеті мен қоғамдағы жауапкершілік ұғымынан басталады.

Үшінші басымдық – болашаққа ұмтылыс. Бұл бағытта адамның білімі мен қабілетіне, ғылымға, технологияға, мәдениет пен ағартушылыққа басымдық беріледі. Ерлан Қариннің айтуынша, адам капиталын дамыту елдің ұзақмерзімді өркендеуінің басты шарттарының бірі болуы керек. Осы міндетті іске асыруға «Қазақстан балалары», «Оқитын ұлт», Digital Qazaqstan секілді стратегиялық бастамалар бағытталған. Олардың ортақ мақсаты – жаңа білім мен технологияны игере алатын, өзгерістерге бейім және болашағына сенімді қоғам қалыптастыру.

Бұл жерде білім беру мәселесі мектеп немесе жоғары оқу орнымен ғана шектелмейді. Қазіргі қоғамда технологиялық сауат, үздіксіз білім алу, кітап оқу мәдениеті, ғылыми ойлау мен жаңа кәсіби дағдылар адамның бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан болашаққа ұмтылыс ең алдымен адам әлеуетін дамыту арқылы жүзеге аспақ. Ерлан Қарин атаған үш бағыт бір-бірінен бөлек қарастырылатын міндеттер емес. Конституциялық құндылықтар қоғамның ортақ негізін қалыптастырса, жаңа қоғамдық этика сол құндылықтардың күнделікті өмірдегі көрінісін айқындайды. Ал ғылым, білім мен технологияға сүйенген даму елдің келешектегі мүмкіндігін белгілейді.

Вице-Президенттің пайымынша, осы басымдықтар түгеп келгенде Қазақстанның қандай қоғам құрып, қандай ел болуға ұмтылатыны жөніндегі негізгі сауалдарға жауап береді. Бұл үшін қоғамдық күн тәртібінде жасампаздық пен конституциялық құндылықтар басты орында болуы қажет.

ДЕПУТАТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШІН ТЫҢДАДЫ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІНДЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ЖАРҚЫНБЕК АМАНТАЙҰЛЫ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ. КЕЗДЕСУЕ АСТАНА, АЛМАТЫ ҚАЛАЛАРЫ МЕН Өңір тұрғындары онлайн және офлайн форматта қатысты.



Қабылдауда еңбекақы, жұмысқа орналасу, тұрғын үй, құқықтық көмек және несие қатысты мәселелер көтерілді.

Астана қаласының тұрғыны, информатика пәнінің мұғалімі Ислам Ғаниев отбасымен бірге солтүстік өңірлердің біріне қоныс аударып, еңбек еткісі келетінін айтты. Оның сөзінше, жұбайы тіс дәрігері болып жұмыс істейді. Жас отбасы «Дипломмен ауылға» бағдарламасының мүмкіндіктерін пайдала

нып, ауылдық жерде еңбек етуді жоспарлап отыр.

Жарқынбек Амантайұлы азаматқа ішкі көші-қон саласының мамандары және жергілікті атқарушы органдармен байланыс орнатуға көмектесуге дайын екенін жеткізді.

Қабылдауда еңбек дауы да қаралды. Бұған дейін аула сыпырушысы болып жұмыс істеген Айдарбек Дүйсенғали соңғы екі айдың еңбекақысын ала алмай жүргенін ай

тып, шамамен 700 мың теңге көлеміндегі берешекті өндіріп алуға көмек сұрады. Оның айтуынша, еңбек шарты ресми рәсімделмегенмен, жұмыс істегенін растайтын дәлелдері бар. Депутат бұл мәселе бойынша тиісті мемлекеттік органға сауал жолдап, істің қаралуын бақылауға алатынын айтты.

Ал Арыххан Гүлнар алаяқтардың әрекетінен кейін өзінің атына 6 млн теңге көлемінде несие рәсімделгенін жеткізді. Оның айтуынша, қаражатты қайтаруға қатысты сот шешімі шыққанымен, әлі орындалмаған.

Гүлмира Дүйсенова жұмыспен қамту мәселесін көтерді. Арыстағы үйі толық өртеніп кеткеннен кейін Астанаға қоныс аударған азамат жұмыс табуға көмек сұрады. Депутат бұл бағытта қолдау көрсету жолдарын қарастыратынын айтты.

Қабылдауға келгендердің арасында тұрғын үй мәселесін көтерген азаматтар да болды.

Кездесу соңында Жарқынбек Амантайұлы барлық өтініштің назарға алынғанын және көтерілген мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жолданатынын мәлімдеді.

– Азаматтардың арыз-өтініштерін қабылдап, әр мәселе бойынша тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс жүргіземіз. Қажетті бағыт-бағдар беріп, мәселенің шешімін табуына қолдан келгенше көмектесеміз, – деді депутат.

«Әділет» партиясының Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінде депутаттардың азаматтарды қабылдауы алдағы уақытта да жалғасады.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

КӨКШЕТАУДА «ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ҚАНАТЫ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЙЕЛ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЕ ӨТТІ. ЖИЫНДА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҒЫЛЫМ МЕН БИЗНЕСТЕГІ ОРНЫ, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, КӘСІБИ ДАМУ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ.

Кездесу ғылыми және іскерлік орта өкілдері, қоғам белсенділері мен бейінді мекемелердің мамандары қатысты. Іс-шараны партияның Ақмола облыстық филиалы төрағасының орынбасары Акманат Алимбетова ашып, әйелдердің қоғамдық өмірге белсенді араласуы мен олардың бастамаларын қолдаудың маңызына тоқталды.

– Бүгінде әйелдер түрлі салада өз мүмкіндігін көрсетіп жүр. Сонымен бірге отбасы, қамқорлық, өзара сыйластық пен қолдау секілді құндылықтар өз маңызын жоғалтпайды. Мұндай кездесулер өзекті мәселелерді ашық талқылап, жаңа бастамаларға жол ашуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Жүздесу барысында бірнеше бағыт бойынша пікір алмасты. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры Айгүл Жақыпова әйелдердің ғылымдағы кәсіби дамуы туралы айтты. «ЭКО-DUMP» ЖШС директоры Мариям Әбішева кәсіпкерлік пен отбасылық өмірді қатар алып жүру тәжірибесімен бөлісті. Ал Оксана Волкова-Михальская өзара қолдау мен ұрпақтар сабақтастығының маңызына назар аударды.

Кездесу аясында «Шабыт» көркем-сурет мектебі оқушыларының көрмесі де ұйымдастырылды. Жас суретшілер өз туындыларында ана бейнесін, отбасы жылуын, сүйіспеншілік пен сыйластық тақырыптарын бейнеледі.

Қатысушылар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесін де талқылады. Осы бағыттағы бөлім басшысы Назира Тұрсымбаева қиын жағдайға тап болған азаматтардың дер кезінде көмекке жүгінуі және өз құқықтарын білуі маңызды екенін атап өтті.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу тұрақты назар мен ашық әңгімені қажет етеді. Қиын жағдайға тап болған адам көмекке жүгіне алатынын білуі керек. Қауіпсіз отбасы өзара сыйластық, сенім және жауапкершілікке негізделеді, – деді ол.

Кездесу соңында өзін-өзі дамыту, мансап пен отбасылық өмір арасындағы тепе-теңдік мәселелері талқыланды. Қатысушылар әйелдердің ғылымда, бизнес-те және қоғамдық өмірде белсенділігін арттыру үшін тәжірибе алмасу мен ашық диалог алаңдарының маңызы зор екенін атап өтті.



«ӘДІЛЕТ» ЖАСТАРЫ ҚАРТТАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТТІ

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖАСТАР ҚАНАТЫ 7 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БЕРІ ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ Өңірінде «АРДАҒЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗІП КЕЛЕДІ. БАСТАМА АЯСЫНДА ЕРІКТІЛЕР АРДАҒЕРЛЕР МЕН ЖАЛҒЫЗ ТҰРАТЫН ҚАРТТАРҒА КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСТА КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ.

Акцияға Жастар қанатының 100-ден астам белсендісі қатысқан. Бүгінге дейін ел бойынша 200-ге жуық қартқа қолдау көрсетілді.

Еріктілер қарттардың үйлеріне барып, үй мен ауланы жинастыруға көмектеседі, азық-түлік пен қажетті заттарды жеткізеді. Сонымен қатар жастар аға буын өкілдерімен әңгімелесіп, олардың өмір жолы мен еңбек тәжірибесі туралы естеліктерін тыңдайды.

Жастар қанаты жетекшісінің орынбасары Ержан Хамитовтың айтуынша, бұл акция бір реттік іс-шара ретінде емес, тұрақты жұмыс ретінде қолға алынған.

– Аға буынға қолдау көрсетуді жастар арасында жақсы дәстүрге айналдырғымыз келеді. Мұндай кездесулер тұрмыстық көмекпен ғана шектелмейді. Олар ұрпақ

тар арасындағы байланысты нығайтып, жастарға үлкендердің өмір тәжірибесінен тағылым алуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Еріктілер көмек көрсеткендердің бірі – Қарағанды қаласының тұрғыны, ардагер Владимир Мамин. Оның айтуынша, қарт адамдар үшін тұрмыстық қолдаумен қатар қарапайым көңіл бөлу мен жылы қарым-қатынастың да маңызы зор.

– Кейде бізге көп нәрсе қажет емес. Жылы сөз бен шынайы ықыластың өзі жеткілікті. Жастар келіп, жағдайымызды сұрап, қол ұшын созса, оның біз үшін мәні үлкен, – деді Владимир Мамин. «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы елдің барлық өңірінде жалғасады. Ұйымдастырушылар мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр.

ДИПЛОМ

ДЕГРЕДАЦИЯСЫ

КӘСІБИ МАМАН ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Басы 1-бетте

Арайтым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ

Экономикалық тұрғыдан алғанда, еңбек нарығында диплом инфляциясы етек алды. Жоғары білімі бар мамандардың шектен тыс көбеюі оның бұрынғы құнын төмендетіп, жұмыс берушілерді тіпті карапайым лауазымдардың өзіне диплом талап етуге итермеледі. Бұл білім сапасын көтерген жоқ, тек жұмысқа кіру межесін жасанды түрде өсірді. Осының салдарынан университетте оқу бағасы өсіп, ал түлектердің жалақысы керісінше шатқаяқтады. АҚШ пен Еуропада жоғары білімге жұмсалған инвестицияның ақталу мерзімі соңғы 15 жылда екі есеге ұзарғаны – осы экономикалық диспропорцияның айқын дәлелі.

Сонымен бірге, еңбек нарығының өзіндік әлеуметтік архитектурасы қайта құрылуда. Жұмыс берушілер бұрынғыдай қағаздағы көрсеткішке емес, кандидаттың күрделі мәселелерді шешу қабілетіне, бейімделіштігіне және жұмсақ дағдыларына басымдық береді. Фриланс пен гиг-экономиканың өркендеуі «аптасына 40 сағаттық тұрақты штат» ұғымын ығыстырып, орнына маманның нақты портфолиосы мен рейтингін шығарды. Әсіресе, IT, цифрлық маркетинг және креативті индустрияда код жазу тесттері мен нақты кейстер академияның орнын басты. Десе де, медицина, заң, авиация секілді қатаң лицензиялауды талап ететін дәстүрлі салаларда диплом өз салмағын әлі де сақтап тұр.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

Әлемдік статистика да осы бетбұрыстың ақиқатын айғақтап отыр. ЭЫДҰ мен Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне сүйенсек, дамыған елдердегі жоғары оқу орындарын бітірген түлектердің үштен бірінен астамы өз әлеуеті мен біліміне сай келмейтін төменгі дәрежелі қызметтерді қанағаттутқа мәжбүр. Ал Дүниежүзілік экономикалық форумның зерттеулері көрсеткендей, халықаралық ірі компаниялардың тең жартысынан астамы кадр таңдауда түйіндемедегі дипломға емес, ең алдымен маманның нақты дағдысы мен қабілетіне басымдық бере бастаған. Соның айқын көрінісі ретінде, кейінгі он жылда Big Tech гиганттарының қатарын-



да арнайы дипломы жоқ, бірақ өз ісінің шебері саналатын мамандардың үлесі 40-50 пайызға дейін бір-ақ көтерілді. Burning Glass Institute & Harvard Business Review зерттеуі бойынша, 2014 жылдан бері АҚШ-тағы жұмыс хабарландыруларының 46 пайызында орта және жоғары буын лауазымдарына қойылатын «бакалавр дипломы міндетті» деген талап өз күшін жойды.

Әлемдегі ең беделді әрі танымал оқу орнының бірі Гарвард бизнес мектебі өз баяндамасында жұмыс берушілердің 70 пайыздан астамы дағдыға негізделген жалдау жүйесі дәстүрлі диплом жүйесіне қарағанда анағұрлым әділ және тиімді нәтиже беретінін растаған.

Дүниежүзілік экономикалық форум сарапшыларының байымдауынша, жақын жылдары әлемдегі әрбір екінші қызметкер кәсіби тұрғыда қайта оқып,

жаңа дағды меңгеруге мәжбүр болады. Еңбек нарығындағы мұндай өзгеріс сұранысқа ие болудың жалғыз жолы – үздіксіз ізденіс екенін айқын көрсетті. Сарапшылардың пікірінше, бұл бәсекеде топ жаратын басты қабілеттерге салқыңанды аналитикалық ойлау, шығармашылық еркіндік және кез келген соққыға төтеп беретін икемділік пен психологиялық төзімділік жатады.

McKinsey Global Institute жүргізген зерттеуінде автоматтандыру мен жасанды интеллект 2030 жылға қарай жаһандық еңбек нарығының «келбетін» түбегейлі өзгертеді деп мәлімдеді. Мамандар алдағы жылдары жоғары технологиялық сауаттылық пен күрделі когнитивті қабілеттерге, атап айтқанда сыни ойлау мен түйткілдерді шешуге деген сұраныс 55 пайызға артады. Керісінше, біркелкі қайталанатын қол еңбегі мен базалық когнитивті тапсырмалардың салмағы 15-20 пайызға дейін құлдырап, өзектілігін жоғалтады.

LinkedIn платформасындағы жұмыс орындары талап ететін дағдылар 2015 жылдан бері 25 пайызға жанарыпты. 2027 жылға қарай бұл көрсеткіш 50 пайызға жетіп, еңбек нарығындағы кәсіби талаптардың тең жартысы толықтай қайта «түзіледі».

Ақпараттық технологиялар нарығына мамандандырылған АҚШ-тың алдыңғы қатарлы Gartner компаниясының зерттеуінше ірі халықаралық компаниялардың 60 пайыздан астамы кадр саясатында бұрынғы қатып қалған лауазымдық нұсқаулықтардан бас тартып, икемді дағдыларды енгізуге көшкен. Бұл тәсіл қызметкерді тар шенбердегі бір міндетке байлап қоймай, оның бойындағы мықты қасиеттерін нарықтың өзгермейтін сұранысына сай тиімді қайта бөлуге мүмкіндік береді.

Диплом талап етпейтін, кәсіби және тұлғалық дағдыға негізделген мұндай тәжірибеге көпшү әлемдік еңбек нарығында экономикалық өзгерістермен қатар әлеуметтік трансформациялар тудырды. Университет түлектерінің дипломына емес, үміткерлердің нақты қабілетіне сүйенген кезде бос жұмыс орындарын толықтыру уақыты едәуір қысқарған. Жұмыс өнімділігі де арта түскен. LinkedIn пен Burning Glass Institute зерттеулері көрсеткендей диплом талабы алынып тасталған лауазымдарда жұмыс істейтін мамандар академиялық талаппен келген қызметкерлерден өнімділік немесе ұжымда тұрақтау мерзімі жағынан еш кем түспейді, керісінше мол тәжірибесінің арқасында жаңа ортаға әділдейла жылдам бейімделеді. Бұл ретте HR процестерінің объективтілігі артып, түйіндемедегі беделді оқу орнының атауы мен субъектілік факторлар екінші орынға ысырылып, нақты тесттер мен портфолио нәтижелері шешуші рөл атқара бастады.

Экономистер мен әлеуметтанушылардың пікірі екіге жарылады. Бірінші тарап бұл жүйені мүмкіндіктер теңдігінің құралы десе, екінші тарап белгілі бір әлеуметтік қауіптерді алға тартады. Жүйені жақтаушылардың айтар уәжі ақылға қонымды. Қымбат ЖОО-да оқуға қаржылай жағдайы жоқ, шалғай өңірлерден шыққан немесе әлеуметтік осал

топтағы талантты жастар үшін бұл модель мансап жолында серпіліс жасайтын нақты әлеуметтік лифтке айналды. Өз бетінше онлайн білім алып, сертификат жинаған немесе мықты портфолио түзген кез келген талапты маман ірі трансулттық компанияларға жол таба алады. Ал керісінше сыни көзқарастағы әлеуметтанушылар дағдыға негізделген экономика кейде формальды емес немесе әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған сапасыз еңбекке және тұрақсыз гиг-экономикаға әкеп соғатынын ескертеді. Мұнда олар тұрақты еңбек шарты, әлеуметтік пакет, медициналық сақтандыру мен зейнетақы аударымдарынан қағылып, мамандардың құқығы толық қорғалмай қалуы мүмкін. Осылайша, кәсіподақтардың «қорғанысынан» тыс қалған мұндай қызметкерлер жұмыс берушілердің алдында өте осал күйде қала береді.

Дегенмен әлемнің озық білім беру жүйелері бұл алшақтықты еңсерудің инновациялық модельдерін сәтті қолданып

лары 65 пайызы болашақта қазір әлі жоқ немесе жаңадан қалыптасып келе жатқан мамандықтар бойынша жұмыс істейтін болады.

ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жаһандық еңбек нарығын шайқалтқан бұл тектоникалық өзгерістер Орталық Азияны, соның ішінде Қазақстанды да айналып өткен жоқ. Қайта біздің икемі бөлек, заңы басқа отандық нарықта бұл үдеріс өзіндік ұлттық сипат алып, тереңдей түскен ішкі диспропорциялармен көрініс табуда.

Қазақстанның еңбек нарығында дипломы бар мамандардың көптігі мен жұмыс берушілердің нақты сұранысы арасында үлкен алшақтық қалыптасқан. Мемлекеттік органдар мен еңбек сарапшыларының деректеріне сүйенсек, елде «диплом гиперинфляциясы» мен кадр тапшылығы бір мезгілде қатар жүріп жатыр.

Мұндағы басты мәселе диплом мен нақты дағдының арақатынасында болып отыр. Отандық ЖОО мен колледж түлектерінің басым бөлігі оқу бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай, басқа салаға кетеді. Бұл университет дипломының еңбек нарығындағы басты сапа белгісі ретіндегі институционалдық салмағы азайғанын айғақтайды. Сонымен қатар нарық ұсынатын бос орындардың жартысына жуығы жоғары академиялық білімді мүлде талап етпейді. Сондықтан елімізде «дипломды жұмыссыздық» немесе маманның өзінің кәсіби біліктілігінен төмен орында қызмет етуі қалыпты үрдіске айналып барады.

Жұмыс берушілер сұранысына ие бағыттарды сараласақ, нарықта мүлде өзгеше картина қалыптасқан. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының және Электрондық еңбек биржасының мәліметінше, сұранысқа ие бос орындардың 45-50 пайызына жуығы орта арнаулы білімі бар жұмысшы мамандарға, атап айтқанда құрылысшылар, машина жүргізушілері, дөңкерлеушілер, техниктер мен техникалық қызмет көрсету мамандарына тиесілі. Сондай-ақ әлеуметтік секторда, соның ішінде мектеп мүғалімдеріне, әсіресе жаратылыстану-математика бағыты бойынша, балабақша тәрбиешілеріне, мейрбикелер мен дәрігерлерге сұраныс тұрақты түрде жоғары. Ал IT, инженерлік және өндірістік секторда киберқауіпсіздік, Data Science, автоматтандырылған өндірістік жүйелерді басқару инженерлері, сондай-ақ тау-кен мен өңдеу өнеркәсібінің геологтары мен бұрғылау супервайзерлері ең жоғары жалақы ұсынылатын, бірақ табуы өте қиын тапшы кадрлар қатарынан түспей келеді.

Бұл орайда ЖОО мен колледж түлектерінің арасында айтарлықтай алшақтық байқалады. Жұмыс берушілер түлектердің теориялық базасы болғанымен, қазіргі зауыт жабықтықтарын, арнайы бағдарламалық қамтамасыз студі немесе бизнес-процестермен жұмыс істей алмайтынын жиі алға тартады. Сонымен бірге жастар арасында іскерлік коммуникация, командада жұмыс істеу, жауапкершілік алу, стресске төзімділік және тайм-менеджмент секілді дағдылар ақсап тұр. Тіпті, IT немесе инженерлік мамандық түлектерінің өзінде халықаралық құжаттамамен жұмыс істеуге немесе заманауи цифрлық аналитикалық құралдарды қолдануға қажетті кәсіби ағылшын тілі деңгейінің төмендігі кері әсерін тигізуде.

Еліміздегі білім беру жүйесі мен жұмыспен қамту статистикасы мәселенің ауқымы қаншалықты терең екенін айқын көрсетеді. Жыл сайын еліміздің ЖОО-лары мен колледждерін 150 мыңнан астам түлек бітіріп шығады. Ұлттық статистика бюросы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сүйенсек, жоғары оқу орны түлектерінің шамамен 35-40 пайызы алғашқы жылы өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмайтынын немесе басқа салаға ауысатынын мәлімдеді.

Электрондық еңбек биржасында жарияланатын 1 миллионнан астам жылдық бос орынның басым бөлігі біліктілігі төмен немесе орташа жұмысшы мамандарға бағытталғаны байқалады. Мұны Ғылым және жоғары білім министрлігінің деректері де растайды. Бізде заң, экономика және гуманитарлық бағыттағы дипломды мамандар шамадан тыс көп болса, керісінше инженерлік-техникалық, агрономиялық және педагогикалық бағыттарда кадр тапшылығы жоғарылап барады.

Әлемдегі ең беделді әрі танымал оқу орнының бірі Гарвард бизнес мектебі өз баяндамасында жұмыс берушілердің 70 пайыздан астамы дағдыға негізделген жалдау жүйесіне дәстүрлі диплом жүйесіне қарағанда анағұрлым әділ және тиімді нәтиже беретінін растаған.

келеді. Алдыңғы қатарда Германия, Швейцария және Аустрияда кеңінен тараған дуальді білім беру моделі тұр. Бұл жүйеде студенттер уақытының 30-40 пайызын университетте немесе колледж аудиториясында теорияға арнаса, 60-70 пайызын нақты өндірісте қызметкер ретінде жалақы ала отырып өткізеді. Бұл модель түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін 90 пайыздан асыруға мүмкіндік берді. Германияда дуальді білім беру жүйесінен өткен студенттердің 74 пайыздан астамы оқуын аяқтаған бойда өздері тәжірибеден өткен компанияларға тұрақты жұмысқа орналасады.

Ал АҚШ пен Сингапурде микро-креденциалдар және модульдік білім беру форматы қарқынды дамуда. Дәстүрлі төрт жылдық бакалавриаттың орнына студенттерге қысқамерзімді (3-6 айлық) нақты дағдыларды беретін MicroMasters және NanoDegrees сияқты модульдер ұсынылады. Бұл модульдерді жинай отырып, студент қажет болған жағдайда толық дипломаға қол жеткізеді немесе бірден нарыққа шығып кете алады.

Соникон алқабы, Израиль және Оңтүстік Кореяда университет пен бизнестің кластерлі интеграциясы сәтті жүзеге асырылған. Мұнда университеттері ірі индустриялық гиганттармен бірлескен R&D (зерттеу және әзірлеу) лабораторияларын ашып, оқу бағдарламаларын бизнес өкілдерінің тікелей сұранысына сай бекітеді, ал үздік студенттерге екінші курстан бастап-ақ жұмысқа орналасуға ұсыныстар түседі. Сонымен бірге Франциядағы School 42 немесе Minerva University модельдері сияқты лекциялық форматтан толықтай бас тартып, білім беруді шынайы кейстер мен компаниялар беретін өндірістік тапсырмаларды шешуге негізденген проблемаға бағытталған және жобалық оқыту тәсілдері де өзінің жоғары тиімділігін дәлелдеп отыр. Футурологтардың айтуынша, бүгінгі бастаушы мектеп оқушы-


P.S.

Түйіндей айтқанда, дипломның институционалдық монополиясы ыдыраған кезеңде еңбек нарығындағы басты капитал дипломдағы мөр емес, маманның бейімделіштігі мен үздіксіз оқуға дайындығы болмақ. Еліміздің білім беру жүйесі бұл майданнан тыс қала алмайды. Заман талабына сай нарық өз ережесін диктаторлық жолмен орната бермек...



ЗАМАНМЕН ҮНДЕС «АҚИҚАТ»


БИЫЛ «АҚИҚАТ» ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖУРНАЛЫНЫҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕНІНЕ 105 ЖЫЛ ТОЛДЫ. БАСЫЛЫМНЫҢ АЛҒАШҚЫ САНЫ «ҚЫЗЫЛ ҚАЗАҚСТАН» ДЕГЕН АТПЕН 1921 ЖЫЛЫ 15 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ОРЫНБОР ҚАЛАСЫНДА ЖАРЫҚ КӨРДІ. БАСЫЛЫМДА АБДОЛЛА АСЫЛБЕКОВ, ЕРҒАЛИ АЛДОНҒАРОВ, СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВ, НЫҒМЕТ НУРМАҚОВ, НӘЗИПА КҮЛЖАНОВА ЖӘНЕ Т.Б. МАЙТАЛМАН ТҮЛҒАЛАР ЕҢБЕК ЕТТІ. ӘР ЖЫЛДАРЫ ЖУРНАЛДЫҢ АТЫ БІРНЕШЕ РЕТ АУЫСТЫ. «АУЫЛ КОММУНИСІ», «КОММУНИСТ», «ҚАЗАҚСТАН БОЛШЕВИГІ», «ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІ» ДЕП АТАЛҒАН КЕЗЕҢДЕРІ БОЛДЫ.



ондай жағдайда журналға «өткірдің жүзімен» жүруге, «сауысқаннан сақ болуға» тура келетіні анық еді. Енді, редакция алдында «осы стратегияны қалай жүзеге асырамыз?» деген риторикалық экзистенциалық сұрақ тұрды. Талқылай келе, «дөңгелек үстел» форматында өтетін «Келелі кеңес» айдарын ашуды жөн көрдік. «Келелі кеңеске» қоғамға белгілі, айтар ойлары бар азаматтар шақырылды. Сөйтіп, өткір мәселелерді қозғаудың жолын таптық.

Кейіннен анықталғандай, бұл шешім журнал үшін өте дұрыс болып шықты. «Келелі кеңес» айдарына заңғар жазушы Қабдеш Жұмаділов, академик Асқар Жұма-

оқырман «Ақиқат» журналының мақсаты мен мүддесін тани алады. Әрине, мұндағы айтылған ой пікірлердің көбі жүзеге аса бастағанын байқауға болады. Қазір еліміздің мемлекеттік дамуында қазақ ұлтының «мемлекет құраушы» мәртебесі айқындалды. Ұлттық мәдениетіміз бен дәстүріміз, мәдени құндылықтарымыз еліміздің барлық азаматтарын біріктіретін әрі бірігетіндіретін нақты рухани күшке айналууда.



Қоғамның рухани деңгейі оның қандай сұрақ қоя алатынынан және сол сұрақтарға қаншалықты адал жауап іздейтінінен көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, «Ақиқат» журналының тарихи миссиясы – әр кезеңнің маңызды сұрақтарын күн тәртібіне шығарып, ұлттық ойдың үзілмеуіне қызмет ету. Дәуір алмасады, қоғамдық құндылықтар өзгереді, ақпарат тарату құралдары жанарады. Бірақ адамның ақиқатты тануға, өткенін пайымдап, болашағын бағдарлауға деген қажеттілігі өзгермейді. Демек, «Ақиқаттың» да қоғам алдындағы рухани міндеті жаңа мазмұнмен толығып, жалғасып келеді.

– Бүгінгі басты мақсат – журналымыздың оқырмандар санын көбейту. Келесі мәселе «Ақиқат» журналын – индекстелетін ғылыми басылымдар санатына да қосқымыз келеді. Өйткені бізде ғалымдардың зерттеу мақалалары жарияланып тұрады. Олар да осы мәселе туралы бізден сұрайды. Жоғары білім министрлігі осы мәселеге назар аударады деген сенімдеміз. «Қазақ газеттері» ЖШС-на қарасты «Ақиқат» пен «Мысль» журналдары бұрын ВАК журналдарының тізімінде болған. Бұл журналдарда 2011 жылға дейін публицистика мен ғылыми мақалалар қатар жарияланып келген. Осы дәстүрді қайта жаңғыртуымыз керек. Әрине, біз таза ғылыми журналға айнала алмаймыз. Өйткені таза ғылыми журналдың талаптары бөлек. Ғылыми мақалаларды жеке блок ретінде жариялап тұруға әбден болады деп ойлаймын. Сонымен қатар бұрынғы журналдар санын қарап отырсақ, оның беттерінде министрлердің, жоғары лауазымды тұлғалардың мақалалары жарияланып тұрған екен. Бұл да журналдың ел өміріндегі саяси салмағының жоғарылығын көрсетеді. Сондықтан да, осы дәстүрді жаңғыртқымыз келеді, – дейді қазіргі бас редакторы Дәуіржан Төлебаев.

Иә, «Ақиқат» бұл – мемлекеттік басылым. Мемлекеттік ойдың мінбері. Сондықтан бұл басылымда мемлекеттік атқарушы органдарда қызмет істейтін адамдар жиі жарияланып тұрғаны өте маңызды. Бұл журналдың мәртебесіне әбден лайық. Алайда мемлекеттік ойдың мінбері болу – тек ресми ұстанымды жариялау деген сөз емес. Мемлекет пен қоғамның арасы шынайы ой, ашық пікір және жауапты сөз арқылы жалғасқанда ғана мұндай мінбердің беделі артады. Қоғамның өзекті мәселелерін дөп басып айтуға, халықтың көкейіндегі сауалдарды билік өкілдеріне жеткізуде «Ақиқат» журналы мемлекет мүддесі мен қоғамның мәселелерін тоғыстыратын парасат алаңына айнала білді.

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ

ЖАМБЫЛ ТҮЛҒАСЫН ЖАҢАША ТАНУ

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ – БІР ҒАНА ДӘУІРДІҢ ЕМЕС, ТҮТАС ТҮРКІ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАДЫНДА САҚТАЛҒАН АЛЫП ТҮЛҒА. ОЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫН ЖЫРМЕН СӨЙЛЕТКЕН, ЕЛДІК САНАНЫҢ ТАМЫРЫН ТЕРЕҢНЕН ТАРТҚАН ЖЫРАУ. СОНДЫҚТАН ЖАМБЫЛ МҰРАСЫН ТАҢУ – БІР АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТАҢУМЕН ҚАТАР, ТҮТАС ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ТАРИХЫН, КӨРШІ ЕЛДЕРМЕН ОРТАҚ МӘДЕНИ КЕҢІСТІГІН ЗЕРДЕЛЕУ ДЕГЕН СӨЗ.

Осы тұрғыдан келгенде, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, зерттеуші Қанат Алтынбектің қолымызға тиіп отырған «Жамбыл – тарих тереңінде, қырғыз-өзбек деретінде» атты әдоби-танымдық зерттеу еңбегі – жамбылтану ғылымына қосылған елеулі олжа деп сеніммен айта аламын.

Бұл кітап – жеңіл жолмен жазылған еңбек емес. Автордың ұзақ жылға созылған ізденісі, мұрағат пен дерек-көздерге қайта-қайта үңілуі, қырғыз және өзбек әдоби-тарихи кеңістігіндегі Жамбыл туралы мәліметтерді жинақтап, салыстыра қарастыруы – бәрі де көзге көрініп, мәтіннің өн бойынан сезіліп тұрады. Қанат Алтынбек бұл еңбегінде тек дерек тізіп қана қоймайды, әр мәліметке ой сүзгісін салып, тарихи, әдоби, рухани контексте пайымдайды.

Зерттеу барысында автордың үлкен жауапкершілікпен, үздіксіз ақылдасып, пікір алмасып отырғаны да аңғарылады. Бұл – жалғыздың емес, ортақ ойдың, ғылыми және әдоби ортадағы пікірталастың жемісі. Әсіресе, Жамбыл тұлғасының қырғыз бен өзбек деректерінде қалай қабылданғаны, қандай тарихи оқиғалармен сабақтас қарастырылғаны, қандай бағалар берілгені – кітаптың негізгі салмағын арттырып тұрған тұстар.

Жамбыл – тек қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртына ортақ рухани құбылыс. Қанат Алтынбек осы ақиқатты нақты деректер арқылы, көркем әрі ғылыми тілде дәлелдеуге ұмтылған. Қырғыздың жыр дәстүрі мен өзбектің жазба мәдениетіндегі Жамбыл бейнесін салыстыра отырып, автор Жамбылдың шын мәніндегі аймақтық емес, өркениеттік тұлға екенін көрсетеді.

Бұл еңбектің тағы бір айрықша маңызы – Жамбыл Жабаетұнның туғанына 180 жыл толған мерейтойлы кезеңде жарық көруінде. Мұндай белесті яғни атаулы жылды салмақты, ойлы, тың қырынан жазылған зерттеулердің қажет екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, аталған кітап – мерейтойлық даңғазға емес, ғылыми салмақ пен әдоби тереңдікке құрылған еңбектердің қатарын толықтырған құнды дүние.

Кітапта Жамбылдың тарихи тұлғасы мен ақындық болымысы көрші халықтардың дереккөздері арқылы кеңіе түседі. Бұл – жамбылтанудың жаңа бір арнасы, болашақ зерттеулерге жол ашатын бағыт. Жас зерттеушілер мен әдебиеттанушылар үшін де, жалпы оқырман үшін де бұл еңбектің берері мол.

«Жамбыл – тарих тереңінде, қырғыз-өзбек деретінде» атты бұл зерттеу – жамбылтану ғылымындағы маңызды қадам, 180 жылдық мерейтойға тар-



тылған лайықты рухани сый. Еңбек авторына ізденіс жолында табандылық, шығармашылық қуат тілей отырып, бұл кітаптың оқырманын тауып, ғылыми әрі әдоби ортада лайықты бағасын аларына сенім білдіремін.

Автор Жамбыл тұлғасын қырғыз бен өзбек деректері арқылы зерделей отырып, әдобиеттің түйік жүйе емес, бір-бірімен үнемі тоғысып, бірін-бірі толықтырып отыратын тірі құбылыс екенін нанымды түрде көрсетеді. Мұнда әдоби байланыс формалды салыстыру деңгейінде қалмай, тарихи жағдайлармен, тұлғалар арасындағы рухани үндестікпен, ортақ көркемдік дәстүрмен сабақтастырыла талданады. Бұл – жамбылтануда бұрын жеткілікті деңгейде қамтыла бермеген, тың бағыттардың бірі.

Осы еңбектің логикалық жалғасы ретінде, болашақта автордың зерттеу аясын одан әрі кеңейтіп, қарақалпақ, азербайжан, түркімен, тәжік секілді бауырлас халықтардың кітапханалары мен архивтерінде сақталған Жамбылға қатысты деректерге арнайы тоқтала-тынына үміт артуға толық негіз бар. Өйткені Жамбыл жыры мен оның ақындық беделі тек бір өңірмен шектелмей, түркі және оған іргелес мәдени кеңістіктерге де ықпал еткен құбылыс екені белгілі. Мұндай кешенді ізденістер Жамбыл мұрасын халықаралық ғылыми айналымға кеңірек енгізуге жол ашары сөзсіз.

Бұл тұрғыда Қанат Алтынбектің бүгінгі еңбегі – келешек зерттеулердің бастау нүктесі іспетті. Автордың зерттеушілік ұстанымы, дерекке мұқият қарауы, асығыстықтан аулақ, жүйелі ой түйіп алдағы уақытта да жамбылтану саласында іргелі еңбектер жазарына сенім ұялатады. Әдобиет пен тарихты, дерек пен көркем ойды ұштастыра білуі – соның айқын дәлелі.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

«ОТЫРАР САЗЫ» ЖАҢА МАУСЫМЫН «КҮЙ-ҰРАНМЕН» АШТЫ

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ АТЫНДАҒЫ «ОТЫРАР САЗЫ» АКАДЕМИЯЛЫҚ ФOLKLOPPOPЫҚ-ЭTНОГPAФИЯЛЫҚ OPECTPI KOHЦEPT MAУCЫMЫH «KҮЙ-ҰPAH» KOHЦEPTIMEH AШTы.



Музыкалық кеш көрнекті күйші-домбырашы, композитор, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қаршыға Ахмедияровтың туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Оркестрдің көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дінзұхра Тілендиева. Сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жалғасбек Бегендіков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат

Ахмедияров және халықаралық байқаулардың лауреаты Әбілқайырхан Бейсеков дирижерлік етті.

Концертке Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласы да қатысты.

Кеште Қаршыға Ахмедияровтың «Күй-ұран», «Қосбасар», «Ақмешіт», «Мама», «Жұлдызым» шығармалары, сондай-ақ Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» поэмасы мен «Реквием» орындалды.

Басы 1-бетте

– Бір сұхбатыңызда шаш өру бала кезіңізден хобби болғанын оқып қалдым. Қай уақыттан бастап бұл қызығушылығыңыз кәсіпке айналды?

– Иә, шаш өруте бала кезден қызықтым. Кішкентайымнан үлкен-кішінің шашын өргенді жақсы көретінмін. Сол үшін де 9-сыныптан соң колледжге шаштараз модельер мамандығына оқуға түстім. Мұнда да басқа шаш үлгілерін жасау емес, тек шаш өру ісі қызықтырды. Мұны бітірген соң өмірлік жағдайыма байланысты мамандығым бойынша жұмыс істемедім. Сонда да көршілерім, құрбыларым, таныстарымның шашын өріп жүрдім. Ал кәсіби түрде екінші сәнімді дүниеге алып келгеннен кейін айналыса бастадым. Себебі екіншім – мүмкіндігі шектеулі, ерекше бала. Біреудің қол астында жұмыс істей алмайтынымды түсіндім. Ол баланы бағу үшін үйде жұмыс істеуім керек болды. Сол кезде «Неліктен ақшаға шаш өрмеске?» деп шеніптім. Басында аз сомаға таныстарымның шашын өріп беріп жүрдім. Кейін бірте-бірте келушілер қатары көбейді. Әдепкіде клиенттерімді екі жыл үйде қабылдадым. Содан соң «Шаш өруді оқытшы» деген ұсыныстар келіп түсе бастады. Бірден оқытуға кірісіп кеткенім жоқ. Алдымен кәсіби тұрғыда өзімнің де біліктілігімді арттырып келді. Сол мақсатпен басқа қалаларда шеберлік сыныптарына бардым, құны қымбат курстарды да алдым. Сол аралықта брейдингтен ТМД елдері арасындағы қатысушылар арасында онлайн чемпионат өтетінін естіп қалдым. Бағымды сынап көріп келді. Ол үшін келісті модель, кәсіпқой фотограф, макияж жасайтын маманның көмегі қажет еді. Ал менде оларды жалдайтын қаражат болмады. Сөйтіп қаламыздың үздік фотографына барып, жағдайымды айтып, тегін көмектесуін өтіндім. Ол бірден келісе кетті. Сол аралықта шашын өргізуге рұқсатын берген көрші қыз да, тегін көмектескісі келетін визажист те табыла қойды. Алғаш рет қатысқан ол чемпионатта еш жұлде ала алмадым, алайда маған мұндай сындағы жарыстарға қатысу ұнап қалды.

– Шашты түрлі тәсілмен өріп, сәндеу техникасы саналатын брейдингті көбіне африкалық шаш үлгісімен ғана байланыстырамыз ғой. Брейдингтен түрлі чемпионат өтетінін білеміз де.

– Мен де алғаш естігенде таңғалдым. Жалпы, шаштараздар арасында түрлі жарыс өтіп тұратынын білетінмін. Алайда брейдингтен өткен чемпионаттағы процесс өзіме қатты ұнады. Бірінші реттен жолым болмаса да, келесі жылы тағы қатысуға бел будым. Жай шаш өріп қоймай, әдемі әрі қызықты дүние жасағым келді. Бір жыл ішінде тәжірибе жинақтауды мақсат еттім. Астанада кәсіби шеберден жеке сабақ алдым. Сөйтіп, айтқанымдай, 2024 жылы өткен келесі чемпионатта бірінші орын алдым. Жалпы, маған фотограф, визажистпен жұмыс істеген ұнап қалды. Осыдан соң олармен бірлесіп жұмыс істеуді қолға алдым. Африкалық шаш



үлгілерін ғана емес, бізді ерекшелейтін этностильде де шаш өріп бастадым. Сол аралықта этностильдегі фото күндерін ұйымдастырдық.

– Тұмар патшайымның құрметіне атаған шаш үлгісі де сол аралықта жасалды ма?

– Иә. Дегенмен мұның өзіндік тарихы бар. Жоғарыда айтқан чемпионатты ұтып алған соң, маған хейт жазғандар көп болды. Олар «Әділетсіз ұттың», «Жолы болды», «Қазақстаннан жалғыз қатысушы болған соң, төреші болысты» дегендей пікір көп жазылды. Сол кезде шамданып, «А солай ма? Келесі жарыста тағы да өз деңгейімді көрсетейін» деп бұырқанып алғаным бар. Келесі чемпионатта шаштараз шеберлері Woman Power концепциясы бойынша жарысу керек болды. Мен халқымыздың қайсар әйелдерінің кейпін көрсетуі мақсат еттім. Біздің тарихта ең ұлы әйел кім? Әлбетте, Тұмар патшайым. Оның айбар да асақ келбетін, мінезін шаш үлгісі арқылы көрсету үшін көп іздендім. Алдымен киносын қарадым. Көп тың дерек



Тұмар патшайымның шаш үлгісімен әлемді таңғалдырған атыраулық шебер



оқыдым. Ержүрек қолбасшы әрі ел билеген патшайым болғасын шашты тек тік өре салғым келмеді. Тәуекелге бел буып, Тұмар патшайымның келбетін ұлттық ою-өрнектерімізбен үйлестіруді көздедім. Әдепкіде қалай істерімді білмей дал болдым. Сосын ішінде ою-өрмегі бар боямақты қолданып, ондағы өрнектерді қағазға түсірдім. «Мынаны бұлай өруге болады, ал мына оюды осылай өруге болады» деп болжап, ойша сызбасын құрастырдым. Кейін мұны жасаңды шашта өріп шықтым. Сосын мұны әріптестеріме, фотографтарға көрсеткен едім, олар жоғары бағасын беріп, қолға алу керек екенін айтты. Сосын барып модель қыздың шашын өрдік. Содан соң Атырауда үш локацияда фотосессия жасап, бұл жобаны соңына дейін жеткіздік.

– Бұл шаш үлгісін екі күн істеспіз. Рас па?

– Жалпы, мұны істеуге 13 сағат кетті. Бірінші күні 9 сағат шаш өрдім. Екінші күні болатын түсірілім алдында модель сергек жүруі керек. Сол үшін мұның жалғасын екінші күнге қалдырып, онда тағы 4 сағат өрдім. Бәрі ойдағыдай шыққан соң, чемпионатқа дәл осы шаш үлгісін жіберуді ұйғардым. Әлбетте, мұның басқа шаш үлгілерінің арасында ерекшеленетіні белгілі. Сөйтіп, 2025 жылы ТМД брейдинг шеберлері арасында өткен ол жарыста тағы 1-орын алдым. Марапаттау рәсіміне Мәскеуге арнайы барып қайттым. Сосын бұл жұмысты Нью-Йоркте IBI Beauty Awards марапатына онлайн жібердім. Бағым жанып, ол жақтан да 1-орын алдым. Ұйымдастырушылар маған Нью-Йорктен Оскар сыйлығына ұқсас, әдемі, десе де ауыр кубок беріп жіберіпті. Осыдан соң жарыстарға онлайн емес, барып қатысуды мақсат еттім. Өте қатты қуандым. Әйгілі топ-стилист, шаштараз-модельер Георгий Кот үнемі әлемдік деңгейде чемпионат өткізеді. Былтыр Сочиде өткен жарысқа Қазақстан құрамасының сапында қатыстық. Құрамада брейдинг бағыты бойынша қатысқан мен ғана болдым. Сөйтіп, осы бағыт бойынша абсолютті чем-

пион атанып, үлкен кубок иелендім. Айым оңынан туып, тағы да олжалы қайттым. Сол уақытта маған брейдинг бойынша ұлттық құраманың бапкері болуды ұсынды. Қазіргі білген-түйгеніммен ғана бапкер болмай, тағы да біліктілігімді көтеруді көздедім. Сөйтіп, Сочиге барып, аттестациядан өтіп, халықаралық деңгейдегі шаштараз бапкері төқжұжатын иелендім.

– ТМД шеберлері арасында шашасына шаң жұқтырмай жүрген сіз биыл шаш сәні саласындағы әлемдегі ең ірі байқаулардың бірі – ONESHOT Hair Awards-та ТОП-5 үздік hair-стилистердің қатарына еніп, кәсіби деңгейіңізді тағы бір мәрте дәлелдедіңіз.

– Әлемнің түпкір-түпкіріндегі 100-ге жуық шаштараз мамандары қатысатын байқауда үздік бестікке кіру мен үшін – үлкен жетістік. Мұнда бір номинацияға 2 мыңнан астам өтініш келіп түседі екен. Сол 2 мыңның ішінен менің жобамның үздік бестікке кіруі көңіл қуантпай қоймайды. Тағы бір жетістік, штеденті әріптестерім маған дауыс бергенін,

өрілуі қиын өрнектерді жасап шығарған ерекше шаш үлгісінің бірінші орынға лайық екенін айтып, ағынан жарылғаны да төбемді көкке жеткізді.

– Тұмар патшайымның құрметіне жасаған шаш үлгісінің суреті Париждегі беделді көрмелердің біріне қойылады екен.

– Иә. Осы шаш үлгісі жан-жаққа таралған соң, Парижде көрме өткізумен айналысатын бір қыз хабарласты. Ол менің жұмысымды галереядағы Art hair бөліміне қоюға рұқсат сұрады. Онда туындысын қойғысы келетіндердің қатары көп болса керек. Әрі арнайы шақыру алу керек екен. Бұйырса, 13 қазанда Париждегі галереяда менің жобам талғамы жоғары Еуропа көрерменінің назарына ұсынылады.

– Сізге сұхбаттасуға хабарласқанымда үш сағаттан соң босайтыныңызды айтып қалдыңыз. Бір шаш үлгісін өру осыншама уақыт ала ма?



дандым. Онда да қазақтар көп болды. Олар менің шүлдірлегеніме «Мына қыз не қыл дейді?» деп түсінбейтін. Мектепті орысша оқыдым, алайда 1-9 сынып аралығында қазақ тілін беске оқыдым. Ал орыс тілінен үнемі төрттікке шығатынымын. Балалар үйінде түрлі сайыстарға қатыстым, өте белсенді болдым. Абайдың «Онегиннің Татьянаға жазған хатын» жаттап, жарысқа қатыстым. Қадыр Мырза Әлінің «Қазақтарды шетел қонақтарына таныстыру» өлеңін де жатқа білемін. Жалпы, қазақша көп кітап оқыдым. Қазақша көп кеш жүргіздім. Балалар үйі маған өмірлік сабақ берді. Сол кезде көргенім, сезінгенім, бастан өткергенім мені шындыды. Айтпақшы, шаш өруді де балалар үйінен үйрендім. Біз үнемі сахналық қойылымдар қойып, жазғы лагерлерге көп баратынбыз. Бәрі өзiмiз ойлап тауып, өзiмiз ұйымдастыратын едік. Ол кезде интернет деген жоқ. Қызықтың бәрін өзiмiз жасайтынбыз. Қазір жарыстан жарысқа қатысқан, жүтіріп жүріп қатысатыным да сол себептен шығар.

– Өмірге деген құлшынысыңыздың, әр нәрсеге қызығушылығыңыздың жоғары екені бірден аңғарылады.

– Мен өміріме ризамын! Қазір екі бала тәрбиелеп отырмын. Көп жыл үй кезегінде тұрдым. Мемлекет пәтер берді. Жалға алсам да, бұл – мен үшін үлкен көмек. Мен Қазақстанды шексіз жақсы көремін. Мемлекет



маған білім, үй бергенін үнемі айтып жүремін. Жарыстарға барғанда Қазақстаннан екенімді мақтана айтамын. Балалалар үйінде жүргенде «Маған неге әділетсізсің, өмір? Неге мен мұндамын? Неге өзгелер секілді анамның қасында емеспін?» деп налыған кезім көп болды. Мұның бәрі қай уақытта өзгергенін білесіз бе? Екінші балам дүниеге келген соң, дүниетанымым өзгерсе бастады. Аяғым ауыр кезде дәрігерлер баламның бір бүйрегі болмайтынын айтты. Туған соң аман қалу қаупі екіталай деп тағы ескертті. Сөйтіп, босануға Астанаға жіберді. Балам бір бүйрекпен туды, екі рет ота жасалды. Бір жасқа дейін көп ауырды, бір жыл бойы ауруханада тұрдым десем де болады. Соған қарамастан өмірден позитив іздеп, шығармашылыққа бет бұра бастадым. Психологпен жұмыс істедім. Уақыт өте келе, қатты ауыр сөз айтып, біреуді кінәлауды қойып, керісінше барыма шүкір деуді үйрендім. Балалық шағым ауыр өтпесе, қазір көп жайтты көтере алмай, морт сынып қалар едім. Керісінше, балалар үйінде шыңдалғанның арқасында қазір көп түйткілді мәселені оңай шешемін. Тағы бір айта кетерлігі, жақсылық жасауды қолға алдым. Өзіңізді салыстырудан, қызғаныш пен реніштен алыстап, назарыңызды өзіңізге, балаларыңызға және жақсылық жасауға бұра – жанға жеңілдік әкелетін таңдау. Қазір балалар үйіне шеберлік сынып өткізіп тұрамын. Кейде балалардың шашын тегін өріп беремін. Мен біреуге көмек берсем, маған Құдай еселеп қайтарытын білемін.

– Енді меже қандай?

– Өкініштісі сол, Атырауда мұндай шаш үлгісі Алматы, Шымкент, Астанадағыдай аса танымал емес. Мен кейде апта бойы жұмыссыз отырамын. Күйзеліске түспеу үшін шығармашылыққа бет бұрамын. Шашын түрлі үлгіде жасағысы келетіндер «Үят болады», «Көршілер не айтады?» дегеннен ары аса алмай, тартыншақтайды. Оған қоса, Атырауда быоти индустрия жоқтың қасы. Сол себепті алдағы уақытта үлкен қалаға көшкім келеді. Үлкен нарыққа шығып, модельер, дизайнерлермен жұмыс істесем деймін. Шеберлік сыныбын тек Қазақстанда емес, шетелде де өткізіп келеді. Көп адаммен үлкен жоба істеуді армандаймын.

Астанада 18-20 қыркүйек аралығында халықаралық чемпионат өтеді. Әлемнің 40 елінен қатысушылар келіп, мыңдаған маман өзара кім мықтыны анықтайды. Бізде жарыстарға қатысу өз есебімізден жүргізіледі. Қазір негізгі мәселе – демешуі іздеп, Қазақстан чемпионатына қаражат табу. Былтыр Сочидегі чемпионатқа 2,5 млн теңгеге жуық ақша жұмсадым. Сондықтан сол чемпионатта Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсетіп, жүлделі болсам деймін.

– Іске сәт!

Әңгімелескен
Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ

AMANAT MEDIA GROUP Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ ЖУРНАЛИСТЕР: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ, Наурызбек САРША, Ділда УӘЛИБЕК, Ахмет ӨМІРЗАҚ (Алматы қаласы)	ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Елдар ҚАБА (беттеуші-дизайнер) Корректор: Саягүл САПАРҚЫЗЫ Нөмірдің жетекшісі: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ • Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 • Тапсырыс №10200. Таралымы 5762 Көлемі 4 б. 6 т.	Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1 Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.liter@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39 podpiska.alt@gmail.com	• Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді • Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды © «Түркістан» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Суреттердің сапасына редакция жауап береді © Мақалалар коммерциялық негізде басылды • Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №КЗ200VPY00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген. Индекс: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.
--	--	---	--	---